

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**PROCEEDINGS
of the XX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**2025
Астана**

УДК 001(06)
ББК 72я631
F96

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная
научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for
students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)
ББК 72я431
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

322.	Рамазанова Ж, Нұрлан А, Жайсанбаева А. «Бұлтты технологияларды пайдалану кезіндегі тәуекелдер мен қауіпсіздік шараларын зерттеу»	1430
323.	Сахатбекқызы Т., Бахтиярқызы Т.А. «IoT құрылғыларының желідегі қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етуге болады: стратегиялар және packet tracer көмегімен модельдеу»	1434
324.	Серғазы М. «Повышение производительности разработчиков с помощью интегрированных искусственных интеллектов и соображения кибербезопасности»	1440
325.	Султанов А.М. «Стеганография в кибербезопасности казахстана»	1443
326.	Танатаров Е., Іргебай С., Султанов А. «WI-FI желісінде шақырылмаған қонақтарды автоматты түрде анықтау жүйесі»	1447
327.	Таубай М.Е. Раматуллаев Ә.А. «Фишинг: желідегі beef әдісі арқылы алдау және одан сақтану»	1452

СЕКЦИЯ 3 ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ

		ПОДСЕКЦИЯ 3.1 АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОЙ БИОЛОГИИ	
328.	Акимкара А.Б.	Гербарийдің ботаникалық зерттеулерде қолданылуы және гербарий қорындағы кеппе шөптің қалыптасу ерекшеліктері	1457
329.	Ақылбек А.	Астана қаласындағы ботаникалық бағының ландшафттағы <i>geranium sanguineum</i> биологиялық ерекшеліктеріне сипаттама беру	1459
330.	Әділхан Ж.	Мобильді байланыс пен қолданбалардың адамның мінез-құлқына әсерін анықтау	1463
331.	Базарбаева Қ.	Жасөспірімдерде девиантты мінез-құлықтың даму қаупі	1467
332.	Байдосова А.Б.	Методика использования игровых технологий на уроках биологии	1471
333.	Байдосова А.Б.	Актуальные проблемы современной биологии с использованием игровых технологий в образовании	1474
334.	Ғазизова Ә.	Сәулеленген егеуқұйрықтардың бүйректеріндегі морфофункционалдық өзгерістерді салыстырмалы бағалау	1477
335.	Еркін З.Б.	Биология сабақтарында оқушылардың сыни ойлау қабілетін жетілдіруде блум таксономиясын пайдалану	1482
336.	Жанабергенова	Кенеттен жүрек өлімі: генетикалық аспектілері	1486

	А.Ә.	және алдын алу шаралары	
337.	Жанакулова Н.А.	Өсімдіктердің әртүрлі орта жағдайларына байланысты экологиялық топтарға бөлінуі	1491
338.	Жумагалиева Н.Б.	Ақмола облысы көлдері балықтарының салыстырмалы морфологиялық талдауы	1494
339.	Жұмахан Г.Ж.	Егеуқұйрықтардағы радиацияға жауап ретінде митохондриялық ақуыздардың өзгеруін зерттеу	1497
340.	Ибрагимова М.А.	Mir-29a-3p в качестве перспективного неинвазивного биомаркера радиационного поражения	1501
341.	Калапбергенова Д.Б.	Биология студенттеріне жоғарғы математиканы оқытудың ерекшеліктері	1506
342.	Калиева А.Б.	Жатақханада тұратын бірінші курс студенттерінің психикалық денсаулығын зерттеу	1509
343.	Куанышев С.Н.	Солтүстік қазақстан облысыны (Уәлиханов ауданы) өсімдік жамылғысының ерекшеліктері	1513
344.	Кутинбаева С.Б.	Орта мектеп оқушыларының биология сабақтарында инновациялық технологияларды пайдаланудың ерекшеліктерін зерттеу	1516
345.	Кушурова А.А.	Сравнение психофизиологических особенностей развития учащихся частной и общеобразовательной школы	1520
346.	Қанибайқызы Е.	Агробион препаратының жаздық бидай өсімдігінің өсуі мен дамуына әсері	1524
347.	Қойлыбай А.С.	Ақмола облысындағы далалық сәлбенді (<i>salvia stepposa</i>) мәдениеттендіру жағдайында өсіп - даму ерекшеліктерін зерттеу	1527
348.	Минуар С.М.	Жамбыл облысы перспективті құрамында эфир майы бар дәрілік өсімдіктер <i>tanacetum vulgare</i> және <i>achilleamille folium</i> дамуының биологиялық ерекшеліктері	1530
349.	Молдабаева Т.Е.	Vinom school мектептерінің биология сабақтарында upgrade технологияларын пайдалану тиімділігін зерттеу	1533
350.	Мұратқызы С.	Жамбыл облысының ландшафтарындағы қалампырлар (<i>caryophylloideae juss</i>) тұқымдасының өсуіне диатомиттің әсерін зерттеу	1537
351.	Мырзагелді Е.Қ.	Мектеп оқушыларының морфологиялық және психофизиологиялық ерекшеліктеріне білім беру мамандығының әсері	1540
352.	Назым Ә.Ж.	Актуальные проблемы лабораторных и практических работ по биологии в школах республики казахстан	1543
353.	Ниетуллаева А.А.	Биология сабақтарында STEM технологиясын қолданудың маңызы	1546
354.	Сальменова А.А.	Қоршаған ортаға бейімделуіне байланысты <i>fragaria vesca</i> l. анатомиялық ерекшеліктері	1551
355.	Сейпулла А.С.	Современные подходы к стимулированию хондрогенеза	1556
356.	Соломко Л.Р.	Митохондриальная дисфункция как молекулярная основа клеточного старения	1560

357.	Стамқұлова Б.А.	Көкшетау қаласы урбанофлорасының таксономиялық анализі	1565
358.	Султан А.А.	Әртүрлі спорт түрлерімен айналысатын студенттердің физикалық даму көрсеткіштерін зерттеу	1569
359.	Товкумова А.С.	Бронх демікпесі және созылмалы обструктивті өкпе ауруы айқас синдромы кезіндегі иммуноглобулин е деңгейін зерттеу	1573
360.	Тоқтасын Н.М.	Биология сабағында танымдық қызығушылықты белсендірудің жолы ретінде виртуалды зертханаларды пайдаланудың тиімділігі	1577
361.	Хажайхан А.	Экологиялық және климаттық факторлар контекстінде ақмола облысы фитомасса қорлары мен өнімділігінің өзгеруі	1581
362.	Хусаинов А.Т., Адырбек Ә.С., Дурмекбаева Ш.Н.	Гуминдік препараттардың жаздық бидай тұқымдарындағы физиологиялық-биохимиялық процестерге және морфологиялық өзгерістерге әсері	1584
363.	Nursagat A.	Cognitive and physiological foundations of visual perception: the role of infographics in education	1587
364.		ПОДСЕКЦИЯ 3.2 СОВРЕМЕННЫЕ ВОПРОСЫ БИОТЕХНОЛОГИИ И БИОМЕДИЦИНЫ	
365.	Арғынғазина А. Б., Картаева А. Б.	Балықтарды өсіру кезіндегі судың физика-химиялық құрамын салыстырмалы талдау	1592
366.	Бекболат Б., Самат А. Т., Слепкова Н. Н., Курманбаева А. Б.	Аудандастырылған арпа сорттарына сипаттама	1595
367.	Берікова М.С., Тулегенова Ж.А.	Алма ағашының цитоспороз ауруын анықтау	1598
368.	Билялов Ә. Р.	Особенности подготовки различных органов <i>Clarias gariepinus</i> для оценки содержания МО-ферментов	1601
369.	Дробова В. А.	Сравнительный анализ использования пероксида кальция и дубильной кислоты для улучшения выхода выклева жаброного рачка <i>Artemia parthenogenetica</i>	1604
370.	Ергазы Б.	Антагонистическая активность штаммов <i>Bifidobacterium bifidum</i> , выделенных из фекалий семидневного младенца, в отношении <i>Staphylococcus aureus</i>	1608
371.	Ерлан Қ.Е., Тауекел Ж.К.	Балықтардың әртүрлі қоректендіру жағдайларындағы өсу параметрлерін бақылау	1611
372.	Жұмабек А.Б., Базарбаева К. Ж., Акбасова А. Ж.	Отандық бидайдың өсуіне салицил қышқылы мен топырақтағы молибденнің әсерін зерттеу	1615
373.	Камали А. С.	Жарма негізіндегі таңғы құрғақ асты өндіру	1619

		технологиясында қолдануға арналған пробиотикалық қасиетке ие микроағзаларды зерттеу	
374.	Қамиден А.А., Молдабай М.Ж.	Изучение состава активного ила в биологической очистке сточных вод	1622
375.	Калиева А. Б.	Солодка как источник фармакологически активных соединений: традиционные и биотехнологические подходы	1625
376.	Құдайбергенова Н.Қ.	Физиологические функции кремния в диатомите и особенности его взаимодействия вместе с кормами рыб	1628
377.	Машан З., Жарылқап А.	Құлаққаптың адам денсаулығына әсері	1630
378.	Маликова А. Ж., Бейсенбаев Р. А.	Изучение влияния гипоксических условий воды на содержание МО-ферментов в различных органах рыб	1634
379.	Мұрат Қ.С.	Тилапияны тиімді азықтандыру стратегиясының негізі	1637
380.	Нургазиева Ж.Н., Тулегенова Ж.А.	Пробиотикалық микроорганизмдер көмегімен ешкі сүті мен сиыр сүтінің комбинациясынан био-йогурт жасау және оның тағамдық құндылығын анықтау	1640
381.	Нұрбекова А.А, Қалауиева Н.Қ.	Роль хелатных комплексов микроэлементов в составе диатомита в повышении питательной ценности мяса рыб	1645
382.	Сағидолдина Н. К., Базарбаева Қ. Ж., Акбасова А. Ж.	Гидропоникалық жағдайда бидай мен арпаның өсуіне ауыр металдардың әсерін зерттеу	1648
383.	Сағидолда Н. Е.	Балық шаруашылығы өнімдерінің сапасына қоректендіру ерекшеліктерінің әсері	1652
384.	Сағынбаева Д. А.	Современные вызовы и перспективы биотехнологии и биомедицины: от генного редактирования до персонализированной медицины	1655
385.	Тәжібай Д. Б., Талгатбекова Д. С.	Балықтарды әртүрлі жағдайларда өсіру кезіндегі азотты қосылыстардың құрамын салыстырмалы талдау	1657
386.	Уалихан А. С., Тулегенова Ж.А.	Әр түрлі сүттерден зең саңырауқұлағы көмегімен ірімшік технологиясын жасау және салыстырмалы зерттеу	1662
387.	Узбеков А.Б., Масалимов Ж. К.	Связь между антиоксидантной активностью и пигментным составом микрорзелени бобовых культур, выращенных гидропонным способом.	1667
388.	Alpamys A., Aldibay S.	Genetically engineered modified microorganisms in the food industry	1670
389.	Dairov A.K.	Efficacy of preconditioned human umbilical cord blood mesenchymal stem cells in a mouse model of psoriasis	1674
390.	Meshtayev D.T.	Variant calling of <i>M. tuberculosis</i> samples	1679

391.		ПОДСЕКЦИЯ 3.3 АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ОХРАНЫ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ	
392.	Анатолий Р.Қ.	Жайық өзені жайылмасындағы <i>Populus l.</i> туысына биоморфологиялық талдау және сыртқы әсер етуші факторлар	1683
393.	Ашиков М.М.	Анализ пространственного распределения гидрохимических классов качества поверхностных вод в Казахстане с 2019 по 2023 год	1686
394.	Ашиков М.М.	Расчет индекса загрязнения р. Сырдария на территории республики Казахстан с 2019 по 2023 год	1689
395.	Байдаулетов Д.С.	Оптимизация и моделирование выбора деревьев для высадки в северных регионах республики Казахстан с целью достижения углеродной нейтральности	1692
396.	Беляева Д.А.	Возможности применения в бальнеологических целях сточных вод доменного цеха	1695
397.	Болат А.Б.	Каркаралы ұлттық табиғи паркіндегі беталыс көлінің су құстарының алуан түрлілігі	1698
398.	Елепберген М.Е.	Влияние энергоэффективности зданий на рост плесени и микроклимат помещений	1703
399.	Жалгасбаев К.Ж.	Өнеркәсіптік суларды тазарту жолдары	1708
400.	Жиналинова А.С.	Современные подходы к изучению, классификации и применению сапропеля: обзор отечественных и зарубежных исследований	1710
401.	Жұмабекова М.М.	Астана қаласында қатты тұрмыстық қалдықтардың жинақталуы және оны залалсыздандырудың барысы	1713
402.	Калиев Н.С.	Определение ПДВ газов для снижения воздействия на окружающую среду на примере ТОО ГРЭС "Kazakhmys energy"	1718
403.	Марчук Е.В.	Сравнительный анализ накопления тяжелых металлов в различных почвенных горизонтах агроэкосистем с. Егиндыколь, Акмолинской области	1721
404.	Нургожина А.Е.	Сценарная оценка потенциала сокращения выбросов парниковых газов в регионах Казахстана	1724
405.	Пак А.Е.	Сравнительный анализ методов экологического обучения учащихся младших классов	1729
406.	Пак А.Е., Калиева Г.Т.	Фиторемедиация как способ очистки почвы в районах теплоэлектростанций: сравнительный анализ растений-гипераккумуляторов	1734
407.	Хабдразаков А.К., Ислямов Э.Н.	Влияние Tiktok-видео на экологическое обучение: перспективы микрообучения	1739
408.	Daribayev A.Zh.	Melafen: innovative plant growth regulator	1744
409.	Ibrayeva A.	Phytoremediators as a basis for the production of fuel	1746

		pellets: ecological and technological aspects	
410.	Mirzabekova M.Zh.	Bioecological features of representatives of the nightshade family (<i>Solanaceae</i> Juss.)	1749
411.	Yelesizova A.B.	Issues of ecological stability of natural pastures	1753
412.		ПОДСЕКЦИЯ 3.4 АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ НАУКИ О ЗЕМЛЕ	
413.	Абдрашова Т. А.	Астана агломерациясының жасыл белдеуін зерттеудің теориялық негіздемесі	1756
414.	Адирбай С., Аябекова М.	Маңғыстау облысы геожүйелерінің құрылымдық ерекшеліктері	1759
415.	Алдашова А. Ж.	Шідерті өзен алабы геожүйесінің құрылымдық ерекшеліктері	1763
416.	Аманжолова А. Б.	Солтүстік Қазақстан облысының тамақ өнеркәсібінің даму жағдайы	1767
417.	Ахметбекова Г. С.	Теоретические основы районирования территорий туристических зон	1772
418.	Аябекова М., Адирбай С.	Қызылорда қаласындағы атмосфералық ауасының ластануы	1779
419.	Әмірханова Ж. А.	Арал ауданының әлеуметтік-экономикалық даму перспективаларын бағалау	1783
420.	Болатбекқызы Ж.	Абай облысының қазіргі заманғы демографиялық мәселелері	1788
421.	Дабылбаева А.	2018-2024 жылдар аралығындағы Ақтөбе қаласының жерді пайдалану өзгерістерінің динамикасы	1792
422.	Даметова Г. Н.	Терісаққан өзені алабындағы NDVI негізінде С-факторды анықтау	1798
423.	Дастанбекова Ж. Р.	Талдықорған қаласының қазіргі экономикалық-географиялық әлеуеті	1803
424.	Елшатқызы Н.	Табиғатты қорғау әрекеттерін реттеу үшін қашықтықтан зондтауды қолданудың артықшылықтары	1808
425.	Ералы А. А.	Шығыс Қазақстан облысының ауылшаруашылық алқаптарын ГАЗ технологиясы арқылы анықтау	1813
426.	Есмуханова М. Т.	Оценка антропогенной нагрузки на геосистемы Карагандинской области	1816
427.	Кудайбергенова А. Р.	Геоэкологическая оценка деградации почв и агроландшафтов Северо-Казахстанской области: диагностика, мониторинг и пути устойчивого восстановления	1819
428.	Қуаныш А. Р.	Ақтөбе облысының табиғи-ресурстық әлеуетін бағалау	1824
429.	Қуанышбек А., Мукатов Д.	Қазақстанның бірыңғай уақыт белдеуіне ауысуы. Әлеуметтік, экономикалық және медициналық аспектілер	1828
430.	Құттымұратова А. Қ.	RUSLE теңдеуі негізінде Аса өзені алабында С факторын анықтау	1832
431.	Матаева А. Т.	Жамбыл облысының ерекше қорғалатын аумақтарындағы экологиялық туризм	1836

432.	Мокиенко А. В.	Исследование особенности синантропной флоры районов города Астаны	1840
433.	Муратова А. Б.	Қаратал өзені алабы геожүйесінің құрылымдық ерекшеліктері	1844
434.	Мустозяпова Н. И.	Влияние разработки Экибастузского угольного бассейна на ландшафт и экологическое состояние региона	1848
435.	Мухамеджанов М. Е.	Қостанай қаласының ландшафттарына су тасқының әсері	1856
436.	Мұрат А. М.	SAVI индексі негізінде Зеренді ауданының өсімдік жамылғысын зерттеу	1863
437.	Мұратбек А. Е.	Алматы қаласының қызмет көрсету саласының географиясы	1869
438.	Омаров М. К.	Павлодар облысының аумағында өрттердің таралу ерекшеліктері	1874
439.	Орынбасар Р. А.	Жамбыл облысы халқының қазіргі жағдайдағы көші-қон үдерістері	1877
440.	Оспан Н. М.	Солтүстік Қазақстандағы орман алқаптарының табиғи таралуы және олардың қазіргі кездегі жағдайы	1881
441.	Рахманова А. Ә.	Қазіргі кезеңде Ақтөбе облысының кешенді демографиялық типологиясы	1885
442.	Сағынғали С. А.	Алматы облысындағы өнеркәсіптің басымдылық салаларының қазіргі жағдайы мен болашағы	1890
443.	Саметханова А. Т.	Шығыс Қазақстан облысы көлдер геожүйесінің құрылымдық ерекшеліктері	1895
444.	Сәулет Е.	Шығыс Қазақстан облысы геожүйелеріне антропогендік жүктемені бағалау	1899
445.	Темірханова Н. Ә.	Денсаулық сақтауға бағытталған урбозкожүйелік қызметтердің әлемдік тәжірибелерінің географиялық ерекшеліктері	1904
446.	Токбаева А. Е.	Қазақстанның дала зонасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының биоәртүрлілігін кеңістік талдау.	1909
447.	Төлегенова Т. Қ.	Ойыл өзені алабы геожүйесінің физикалық-географиялық ерекшеліктері	1914
448.	Төлеуова Р. Қ.	Маңғыстау мен Үстірттің киелі үңгір атауларын зерттеу және қалпына келтірудің географиялық мәселелері	1918
449.	Тілеухан Д. Ғ.	Дала экожүйелеріндегі биоалуантүрлілікті мониторингілеуде жасанды интеллектті қолдану: орнықты даму перспективалары	1923
450.	Тілеухан Д. Ғ.	Жасанды интеллектті қолдану арқылы Қазақстандағы шөлейттену процесін бақылау	1929
451.	Ұзақбаев Б. А.	Қызылорда облысы өнеркәсіптік кешенінің даму географиясы	1936
452.	Черепанова Ю. В.	Региональные исследования накопления углерода в лесных экосистемах на примере Алтайского края	1939
453.	Shukirkhan A., Orynassarova G.	Research of geoecosystems of the geomorphological structure of the Chingirlau district of the West Kazakhstan region	1943

454.		ПОДСЕКЦИЯ 3.5 МЕТОДЫ И МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ГЕОГРАФИИ	
455.	Азимбай Н.С.	Мектеп географиясын оқытуда геоақпараттық технологияларды қолдану арқылы зерттеушілік құзіреттілікті қалыптастыру	1949
456.	Айтқұл А. Ж.	Мектеп географиясын оқытуға арналған гаж бағдарламалары: салыстырмалы талдау және мүмкіндіктері	1952
457.	Баймухамедова А.Ж.	10 сынып география пәні бойынша «Астана қаласының экологиялық мәселелері» атты факультативтік курс бағдарламасының маңыздылығы	1957
458.	Балпекова Д.А.	География пәні бойынша факультативтік курстардың маңыздылығы	1961
459.	Беспалинов Н.М.	SMART-технологияларын 10-11 сыныптарда географияны оқытуда кіріктіру	1966
460.	Бигалим С.	География сабақтарында белсенді оқыту әдістерін қолдану арқылы оқушылардың құзыреттілік қабілеттерін арттыру	1971
461.	Джумабаева С.Е.	Заманауи картографиялық әдістер	1975
462.	Жамбул Г.Б.	Использование ролевых игр на уроках географии	1979
463.	Жумабаев Д.С.	География сабағында экологиялық тәрбие беру әдістемесі	1983
464.	Карпета В.Г., Маклюк Р.Р., Молдыбаев С.З., Уразбаева Р.С.	Реализация школьного проекта «Изучаем географию Казахстана».	1986
465.	Қасым Е.Ж.	Мектеп оқушыларының табиғат қорғау құзыреттілігін қалыптастыру жолдары	1990
466.	Құнаш А.А.	Мектеп географиясында оқушылардың мәдени-географиялық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері	1994
467.	Мененбай А.Н.	«Қазақстан географиясы сабақтарында білім алушыларға экологиялық білім берудің теориялық негіздері»	1999
468.	Набидоллаева А.А.	География сабақтарында оқушылардың оқу-танымдық белсенділігін арттыру формалары мен технологиялары	2003
469.	Накыпова Ә.Қ.	География пәні сабақтарында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту	2008
470.	Сәндібай Н.А.	Изучение геополитических проблем центральной азии в школьной географии	2011
471.	Солтанғазина А.С.	География сабақтарында экологиялық білім қалыптастырудың маңыздылығы	2015
472.	Таған Ә.С.	Түркістан облысының ауыл шаруашылығы географиясы» атты факультативтік курс бағдарламасының маңыздылығы	2022
473.	Тілеужан Б.Н.	Географияны оқытуда заманауи сандық әдістер мен интерактивті технологияларды қолдану	2026

474.	Ширенова Ж.С.	Өлкетану қағидаты негізінде 7 сынып географиясын оқытуға қатысты тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижесі	2031
475.		ПОДСЕКЦИЯ 3.6 АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОЙ ГИДРОЛОГИИ	
476.	Айтенова Ә.Н.	Водный кризис в засушливых регионах Казахстана: последствия и пути решения	2036
477.	Алдинов Р.Б.	Наводнения в Казахстане: причины, последствия и методы борьбы	2040
478.	Габдулла Н.М.	Arcgis бағдарламасында гидрографиялық желіні құру әдістері	2043
479.	Дәулеткелді А.С.	Дефицит пресной воды в казахстане	2048
480.	Дүйсен А.Е.	Подземные воды и их распределение по регионам Казахстана	2051
481.	Жаманқұл А.М.	Новые экологические конструкции гидротехнических сооружений	2053
482.	Құрманғалиева А.Қ.	Каспий теңізінің солтүстік-шығыс бөлігіндегі желкөтерме және желшегерме құбылыстарын модельдеу	2057
483.	Кулатаева К.Д.	Оценка влияния антропогенных факторов на озеро Балкаш	2060
484.	Ноғайбек А.	Қазақстандағы су тасқыны мен су тасуын болжау жүйелеріндегі гаж технологиялары	2065
485.	Өтегенұлы А.	Физико-химическое исследование процессов солеобразования воды озера балкаш и влияние на него реки иле	2070
486.	Рымбаева Р.Б.	Современное экологическое состояние озера Балкаш	2075
487.	Ташева Е.А.	Применение нейросетевой модели lstm для прогнозирования стока реки Сырдарья в южных регионах Казахстана	2079
488.	Таурбаева Н.К.	Моделирование изменений стока реки Ертис в условиях маловодных лет	2081
489.	Тлеуғабыл Ж.А.	Применение искусственного интеллекта в прогнозировании паводков	2087
490.	Толыбаева Д.Б.	Моделирование речного стока с использованием модели hbv: прогнозирование и валидация	2089
491.	Торбаева А.У.	«Иртыш – трансграничная водная артерия: вызовы, перспективы и управление ресурсами»	2092
492.	Baizhigit T.Y.	Mapping Tien Shan Glaciers and Their Impact on the Ile River	2095
493.	Otegenuly A.	River basin mapping methods and identification of river basin sections in the arc gis programme	2099
494.	Satbekova A.B.	The use of gis technologies for flood risk analysis and modeling in Kazakhstan	2105
495.	Satbekova A.B.	Hydrological analysis and water balance of the Kalzhyr river basin	2108
496.	Tolybayeva D.B.	Modeling of river flow formation processes	2111

497.	Тоханбайева С.Т.	Microplastic – a macroproblem of the world ocean	2113
498.		ПОДСЕКЦИЯ 3.7 АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ХИМИЧЕСКОЙ НАУКИ	
499.	Адылканова А.А.	Мұнай-су жүйесін бөлуге арналған PMS-BC-қапталған меламинады спонж негізіндегі сорбент	2117
500.	Айтбайұлы Н.	Химия сабақтарында кәсіби бағдарлауды қалыптастыру	2119
501.	Асан Н.Ә.	STEM – білім беру аясында ұлттық педагогика элементтерін қолдану	2123
502.	Әзілхан Т.Ә.	Заманауи мектепте химияны оқытудың экологиялық аспектілері	2128
503.	Бахытжанова Ж.Б.	Жұқа пленкалы литий-ионды аккумуляторларға арналған SnO ₂ анодты материалды синтездеу және электрохимиялық қасиеттерін зерттеу	2131
504.	Бекмаханова А.С.	LATP қатты электролитін синтездеу және электрохимиялық қасиеттерін зерттеу	2135
505.	Биктасова А.С.	Минералды сорбенттердегі диспрозий иондарының адсорбциялық процестерін зерттеудегі кинетикалық модельдерді талдау	2140
506.	Болатбек М.	Биологиялық ыдырайтын полимерлердің синтезі мен экологиялық және өнеркәсіптік маңыздылығы	2143
507.	Бөкенова А.Б.	Мыс қорытпалы катализаторымен антрахинонды гидрлеу процесін зерттеу	2149
508.	Ғұбайдолла З.Қ.	Химия сабағында оқушылардың белсенділігін арттырудағы модульдік оқытудың рөлі	2154
509.	Еримбет Б.Д.	Химияны оқытудағы инновациялық әдістердің білім алушылардың оқу жетістіктеріне ықпалы	2157
510.	Жетенова М.С., Дәуметова С.Т.	Биоорганоминеральные пестициды: разработка и исследование их свойств	2161
511.	Жұмағұл А.А.	Куркуминнің флуоресценттік қасиеттері: еріткіштің спектрлік сипаттамаларға әсері	2164
512.	Кароматов С.А., Ганиев Б.Ш.	Потенциальная биологическая активность оснований Шиффа, основанных на бензалацетоне и бензалацетофеноне	2169
513.	Қалау А.Қ.	Химия сабағында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудағы контекстік тапсырмалардың рөлі	2171
514.	Қожамұратова Ұ.М.	Өңдеу нәтижесінде алынған көміртекті адсорбенттердің физико-химиялық негіздерін зерттеу	2176
515.	Қойшыбайқызы Т.	ZnO@PC және Cu/ZnO@PC композициялық трек мембраналарын норфлоксацинді жою үшін синтездеу	2179
516.	Молдалиева А.	Квантово-химическое исследование производных бензимидазола	2183
517.	Муканов М.К.	Определение массовой доли подвижных соединений фосфора в почве по методу Мачигина с использованием автоматического анализатора сегментированного потока SKALAR SAN++	2186

518.	Мұрат М.Ж.	Координациялық қосылыстар химиясы бойынша зертханалық курсты әдістемелік қамтамасыз етудегі онлайн материалдардың рөлі	2188
519.	Нұралина А.Ж.	Химия сабағында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру	2192
520.	Пармантай Қ.Е.	Химияны оқу барысында оқушылардың өзіндік іс-әрекетін олардың интеллектуалдық дамуының құралы ретінде ұйымдастыру	2197
521.	Пердеханова А.А.	Дәрілік өсімдіктерді зерттеу барысында студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру	2202
522.	Сарсенғалиева А. Н.	Актуальные проблемы в химическом образовании для инженерных специальностей и предлагаемые решения	2206
523.	Серікбай А.М.	Мектеп оқушыларының химияға қызығушылығын қалыптастырудың тиімді жолдары	2209
524.	Сыздық А.Ф.	Полимерлер мен ауыр мұнай қалдықтарын қолданып, битумның қасиеттерін жақсарту	2213
525.	Ташманова Ж.А.	Химияны оқытуда STEM технологиясын пайдалану	2217
526.	Тобжанова А.Р.	Мыс(II) галогенидтері – ацетамид – қышқыл жүйесі негізінде координациялық қосылыстар: синтездеу және физика-химиялық қасиеттерін зерттеу	2222
527.	Тұрсынәлі Қ.	Қазіргі мектепте «Жаңа заттар мен материалдарды өндіру» элективті курсын оқыту: тәжірибе және нәтижелер	2227
528.	Хамит А.Ж.	PASS ONLINE пайдалана отырып N-бензоилпиперидин туындыларының биологиялық белсенділігін болжау	2232
529.	Шаихова Ж.Е., Калимолдина Л.М.	Целлюлозалық сорбенттер арқылы шарап материалдарын сорбциялық тазартуды зерттеу	2237
530.	Шатлыкова А.Т.	WOLFRAM ALPHA жасанды интеллект құралын химияны оқыту процесінде қолдану мүмкіндіктері	2241
531.	Adil K.Y.	Using the getcourse online platform for the unified national test in chemistry	2245
532.	Bazhikova Z.	Research of biologically active compounds from plants of the genus ACHILLEA L.	2249

СЕКЦИЯ 4.

МАТЕМАТИКА, МЕХАНИКА И МАТЕМАТИЧЕСКОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ

ПОДСЕКЦИЯ 4.1 МАТЕМАТИКА

SMART-ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН 10-11 СЫНЫПТАРДА ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУДА КІРІКТІРУ

Беспалинов Нуралы Муратович

nuraly_bespalinov@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Жаратылыстану ғылымдары факультетінің 1 курс
магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – п.ғ.к., доцент м.а. Турсынова Тангал Турсыновна

Аңдатпа: Мақалада SMART-технологияларын 10-11 сыныптарда географияны оқытуда кіріктірудің педагогикалық-әдістемелік негіздері қарастырылады. Зерттеу диссертациялық жұмыстың анықтаушы кезеңінде жүргізілген сауалнама нәтижелеріне негізделген. Сауалнама Астана қаласының мектеп оқушылары мен география пәні мұғалімдері арасында өткізіліп, SMART-технологияларды қолданудың тиімділігі мен негізгі мәселелері анықталды. Алынған мәліметтер болашақта SMART-технологияларды оқыту үдерісіне тиімді енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеуге негіз болады.

Түйін сөздер: SMART-технологиялар, географияны оқыту, заманауи білім беру, цифрлық технологиялар.

Кіріспе. XXI ғасыр – ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы дәуірі. Білім беру саласы да бұл өзгерістерден тыс қалмай, SMART-технологияларды енгізуді талап етеді. Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңы мен «2024-2027 жылдарға арналған Оқу-ағарту министрлігінің даму жоспары» оқу үдерісін жаңғырту және оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында заманауи технологияларды қолдануды міндеттейді [1,2].

Дегенмен, SMART-технологияларды білім беру жүйесіне енгізу бірқатар қиындықтармен ұштасады. Біріншіден, мұғалімдер дәстүрлі әдістерге үйренгендіктен, жаңа технологияларды қабылдауда қиындықтар туындауы мүмкін. Екіншіден, кейбір оқушылар цифрлық оқытуға толық бейімделмеген. Бұл мәселелерді шешу үшін педагогтер мен оқушыларды технологиялық өзгерістерге дайындау қажет.

Мақала 10-11 сыныптарда географияны оқытуда SMART-технологияларын кіріктірудің педагогикалық-әдістемелік негіздерін зерттеуге бағытталған. Атап айтқанда, анықтаушы кезеңде жүргізілген сауалнама нәтижелері талданып, алынған деректер негізінде болашақта әзірленетін авторлық білім беру бағдарламасының құрылымына ықпал ететін тұжырымдар жасалады.

Теория мен әдістер

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде SMART-технологиялар оқыту үдерісінің ажырамас бөлігіне айналуға. География пәнінде SMART-технологиялар оқушылардың оқу материалын терең меңгеруіне, картографиялық дағдыларын жетілдіруге және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға мүмкіндік береді.

SMART тұжырымдамасы алғаш рет 1981 жылы Джордж Доран ұсынған «There's a S.M.A.R.T. way to write management's goals and objectives» атты мақаласында пайда болды. Ол бұл жүйені менеджмент саласында мақсат қоюдың тиімді әдісі ретінде әзірлеген [3].

SMART қағидалары – мақсаттарды тиімді түрде қоюға және іске асыруға көмектесетін әдістеме. Оқу үдерісінде SMART қағидаларын қолдану білім беру мақсаттарының нақтылығын, өлшенуін, қолжетімділігін, маңыздылығын және уақытының шектеулі болуын қамтамасыз етеді. SMART-технологиялар да осы қағидаларға сүйене отырып, білім алушылардың оқу нәтижелерін жақсартуға бағытталған. Төменде ұсынылған инфографика SMART қағидаларының негізгі компоненттерін сипаттайды:



Ескерту: [3] дерек көзі негізінде автормен құрастырылған

Сурет 1 SMART қағидаларының негізгі компоненттері

SMART оқыту – оқытудың жаңа түрі, қарқынды дамып келе жатқан бірегей үдеріс. Бұл оқытудың негізгі элементтері – smart-оқушы, smart-педагогика және smart-орта. Сонымен қатар, smart білім алушы smart білім берудің негізгі субъектісі болып табылады. Бағытталған smart білім беру үдерісі олардың XXI ғасырдың дағдылары мен құзыреттіліктерін жұмыста және жеке өмірде тиімді пайдалануға бағытталған болуы қажет. Бұдан smart-білім берудің мақсаты білім алушыларды дамыту, оларды қазіргі динамикалық ортада жұмыс істеуге дайындау болып табылады [4].

Tore Hoel және Jon Mason (Норвегия, 2018) SMART-білім берудің мәні – педагогиканы жеңілдету және жеке оқыту қызметтерін ұсыну үшін SMART-технологияларды қолдана отырып, зияткерлік орта құру деп түсіндіреді [5].

А.В. Райхлина (Ресей, 2022) SMART-технологиялары – білім беруді жеке тұлғаның уәждері мен мүдделеріне бағынатын, техникалық құралдардың кең спектрі арқылы іске асырылатын, жаңа білім арудың уақыты мен деңгейі бойынша дербес басқарылатын икемді үдеріс ретінде сипаттайды [6].

SMART-технологияларын білім беру үдерісіне енгізу әлемдік педагогикада белсенді зерттелуде. Халықаралық деңгейде SMART-технологияларын қолдану білім беру сапасын арттырудың тиімді құралы ретінде қарастырылады. Әрбір мемлекет өз білім беру жүйесінің ерекшеліктеріне сай бұл технологияларды енгізу жолдарын анықтап, олардың нәтижелілігін арттыруға бағытталған шаралар қабылдауда. Төмендегі кестеде білім беру саласында озық тәжірибесі бар елдердегі SMART-технологияларын оқу үдерісіне енгізу ерекшеліктері көрсетілген:

Кесте 1 SMART-технологияларын оқу үдерісіне енгізудің шетелдік тәжірибесі

Ел	SMART-технологияларды енгізу ерекшеліктері	Қолданылатын құралдар
Финляндия	Білім беруде дербес оқыту мен цифрлық ресурстарды қолдану басымдыққа ие. Мектептерде оқушылардың оқу траекториясын қадағалау үшін цифрлық платформалар қолданылады.	Google Classroom, Edmodo, Seesaw

Сингапур	SMART-білім беру ұлттық стратегияға енген. Оқу үдерісінде интерактивті әдістерді қолдану арқылы білім алушылардың белсенділігін арттыру көзделген.	Nearpod, SLS (Singapore Learning Space)
АҚШ	STEM-білім беруге баса назар аударылады. SMART-құралдар жобалық оқыту мен қашықтықтан білім беруде кеңінен қолданылады.	Padlet, Quizlet, Flipgrid, Google Expeditions
Германия	Цифрлық мектептер концепциясы жүзеге асырылып, оқыту материалдары интерактивті форматқа көшуде.	Moodle, Microsoft Teams, GeoGebra
Қытай	Білім беруді цифрландыруға бағытталған ұлттық реформалар қабылданған. Бейне сабақтар, онлайн-курстар мен жасанды интеллектке негізделген жүйелер қолданылады.	iTutorGroup, AI-EdTech, Tencent Classroom
<i>Ескерту: [7,8,9,10,11] дерек көзі негізінде автормен құрастырылған</i>		

АҚШ-та SMART-технологиялары негізінде STEM-білім беруді дамытуға басымдық беріліп, оларды жобалық оқыту мен қашықтықтан білім беру барысында кеңінен қолданады. Финляндияда оқушылардың жеке оқу траекториясын бақылау үшін цифрлық білім беру платформалары пайдаланылады. Ал Сингапурде интерактивті әдістер арқылы оқушылардың белсенділігін арттыруға ерекше мән беріледі. Бұл тәжірибелер SMART-технологияларының білім беру үдерісіндегі тиімділігін көрсетіп, оларды енгізудің түрлі әдістерін айқындайды.

Зерттеудің әдістемелік негізін анықтау мақсатында диссертациялық жұмыстың бірінші кезеңі – анықтаушы кезең жүзеге асырылды. Бұл кезеңде SMART-технологияларын 10-11 сыныптарда географияны оқытуда кіріктіру бойынша педагогикалық-әдістемелік негіздерді зерделеу үшін мектеп мұғалімдері мен оқушыларына сауалнама жүргізілді. Сауалнама Астана қаласының орта мектептерінде география пәні мұғалімдерінен және 10-11 сынып оқушылары арасында өткізілді. Сауалнама екі мақсатты топқа арналды:

1. География пәні мұғалімдері – олардың SMART-технологияларын оқыту үдерісінде пайдалану тәжірибесін, жаңа технологияларға көзқарасын және туындайтын қиындықтарын анықтау;

2. 10-11 сынып оқушылары – SMART-технологиялармен жұмыс істеу дағдылары мен олардың география пәнін меңгеруге әсерін бағалау.

Сауалнама құрылымы жабық және ашық сұрақтарды қамтыды:

Жабық сұрақтар – Лайкерт шкаласы бойынша бағалау жүйесін қолдана отырып, мұғалімдер мен оқушылардың пікірлерін сандық тұрғыдан анықтау.

Ашық сұрақтар – респонденттердің жеке пікірлерін, ұсыныстарын және тәжірибесін еркін түрде баяндауға мүмкіндік беру.

Алынған деректерді талдау нәтижесінде мұғалімдер мен оқушылардың SMART-технологияларды білім беру үдерісінде пайдалану деңгейі, артықшылықтары мен кемшіліктері анықталды. Бұл мәліметтер зерттеудің келесі кезеңдерінде авторлық білім беру бағдарламасын әзірлеу барысында ескерілетін болады.

Нәтиже мен талқылау


Сауалнама нәтижелері SMART-технологияларын географияны оқытуда қолданудың өзектілігі мен тиімділігін көрсетті. Оқушылардың басым бөлігі бұл технологиялардың сабаққа деген қызығушылықты арттыратынын және оқу материалдарын жақсы меңгеруге көмектесетінін атап өтті. Мұғалімдер SMART-технологияларды пайдаланудың артықшылықтарымен қатар, олардың қолданысындағы кейбір шектеулерді де атап өтті, соның ішінде техникалық жабдықтардың жетіспеушілігі және мұғалімдердің жаңа технологияларды қолдануға дайындығы.

Кесте 2 Сауалнама сұрақтары

Мұғалімдерге арналған сауалнама
<ol style="list-style-type: none"> 1. Сіз SMART-технологияларды сабақта қаншалықты жиі пайдаланасыз? 2. SMART-технологияларды қолдану туралы білім мен тәжірибеңіздің деңгейі? 3. SMART-технологияларды қолдану сіздің сабағыңыздың тиімділігіне қалай әсер етеді? 4. Сіздің пікіріңізше, SMART-технологиялар оқушылардың география пәніне деген қызығушылығын арттыра ма? 5. SMART-технологиялардың география сабағында оқу үдерісін жетілдірудегі рөлі қандай? 6. Сізде SMART-технологияларды пайдалану бойынша қосымша білім алу немесе тренингке қатысу ниетіңіз бар ма? 7. Сізге SMART-технологияларды сабақ барысына енгізуде қандай қиындықтар туындайды? 8. Оқушылардың сабаққа қатысуын және белсенділігін арттыруда қандай тәсілдер тиімді деп санайсыз? 9. Сіздің мектебіңізде SMART-технологияларды қолдау мен дамыту үшін қандай ресурстар бар? 10. SMART-технологияларды қолдану арқылы оқушылардың бағалау тәсілдерін қалай өзгертуге болады?
Оқушыларға арналған сауалнама
<ol style="list-style-type: none"> 1. География пәніне қызығушылығыңыздың деңгейі қандай? 2. Сіз SMART-технологияларды география сабағында қаншалықты жиі пайдаланасыз? 3. SMART-технологиялар сіздің географияны түсінуіңізге қаншалықты көмектеседі? 4. Сіз SMART-технологиялардың сабаққа белсенді қатысуыңызды арттыратынына сенесіз бе? 5. Сіздің пікіріңізше, SMART-технологиялардың география сабағында тиімділігі қандай? 6. Сізге география пәнінің қандай сабақ тақырыптары қызықты?
<i>Ескерту: автормен құрастырылған</i>

Оқушылардың сауалнама нәтижелері:

80%-дан астам оқушылар SMART-технологиялары сабақтарды қызықты етеді деп есептейді. 70%-ы визуализация құралдары мен интерактивті карталар сияқты технологиялар география сабағында материалды түсінуді жеңілдететінін атап өтті. 65%-ы SMART-технологияларын пайдалану оқу мотивациясын арттырады деп санайды. 30%-ға жуық оқушы кейбір технологияларды пайдалануда қиындықтарға тап болғанын атап өтті, оның ішінде техникалық құралдармен жұмыс істеуде тәжірибенің болмауы (15%) және интернеттің баяу жұмыс істеуі (10%).



Ескерту: деректер негізінде автормен құрастырылған

Сурет 2 SMART-технологияларының география сабақтарында қолданылуы

Мұғалімдердің сауалнама нәтижелері:

Мұғалімдердің 75%-ы SMART-технологияларының оқу үдерісінде тиімді екенін мойындайды. 60%-ы технологиялардың оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға ықпал ететінін атап өтті. 40%-ы технологияларды қолдану барысында техникалық қиындықтарға тап болғанын, әсіресе кейбір мектептерде қажетті құралдардың (интерактивті тақталар, компьютерлер) жетіспейтінін айтты. 30%-ы мұғалімдердің өздері үшін қосымша оқу немесе қайта даярлық курстарының қажет екенін атап өтті.

Негізгі мәселелерге SMART-технологияларын қолдану үшін мектептерде қажетті техникалық құралдардың болмауы; мұғалімдердің технологиялық құралдарды меңгеру деңгейі біркелкі емес, кейбіреулеріне қосымша оқыту қажеттілігі жатқызылады. Сауалнама барысында анықталған мәселелер зерттеудің келесі кезеңдерінде шешу жолдарын қарастыруды қажет етеді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері SMART-технологияларын география сабақтарында қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттыратынын және оқу материалдарын меңгеруге оң әсер ететінін көрсетті. Оқушылардың басым көпшілігі бұл технологиялардың сабаққа деген қызығушылықты арттыратынын және ақпаратты түсінуді жеңілдететінін атап өтті. Сонымен қатар, мұғалімдер SMART-технологиялардың оқыту үдерісіндегі тиімділігін мойындағанымен, оларды пайдалану барысында кездесетін бірқатар қиындықтарды атап өтті. Атап айтқанда, техникалық жабдықтардың жетіспеушілігі және мұғалімдердің жаңа технологияларды меңгеру қажеттілігі негізгі мәселелер ретінде анықталды.

Зерттеу барысында алынған мәліметтер негізінде келесідей ұсыныстар әзірленді:

1. Мектептерді SMART-технологияларды қолдануға қажетті техникалық құралдармен қамтамасыз ету – заманауи интерактивті тақталар, компьютерлер және интернетке қолжетімділікті арттыру қажет.

2. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру – SMART-технологияларды тиімді қолдану бойынша семинарлар, тренингтер және қайта даярлау курстарын ұйымдастыру.

3. Оқушылардың технологиялық сауаттылығын жетілдіру – цифрлық дағдыларды дамытуға бағытталған қосымша сабақтар мен үйірмелер өткізу.

4. Авторлық білім беру бағдарламасын әзірлеу – SMART-технологияларды тиімді кіріктірудің педагогикалық-әдістемелік негіздерін айқындау және оны практикалық түрде сынақтан өткізу.

Әзірленген ұсыныстар зерттеудің келесі кезеңдерінде SMART-технологияларын география сабақтарына тиімді енгізу жолдарын анықтауға және авторлық білім беру бағдарламасын құрастыруға негіз болады. Осылайша, зерттеу нәтижелері SMART-технологияларын білім беру үдерісіне кіріктіру арқылы оқыту сапасын арттыруға және оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуға ықпал ететінін көрсетті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы. «Білім туралы» Заң: 1999 жылғы 7 маусымдағы № 389-І ҚРЗ (2024 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен) [Электрондық ресурс]. URL: [<https://adilet.zan.kz/>]. Қаралған күні: 23.02.2025.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. 2024-2027 жылдарға арналған даму жоспары [Электрондық ресурс]. URL: [<https://www.gov.kz/memleket/entities/edu>]. Қаралған күні: 23.02.2025.

3. Doran, G.T. There's a S.M.A.R.T. way to write management's goals and objectives // Management Review: журн. – 1981. – Vol. 70, no. 11. – P. 35–36.

4. Zhu ZT., Yu MH. & Riezebos P. A research framework of smart education Smart Learn. Environ. (2016) 3:4. DOI: <https://doi.org/10.1186/s40561-016-0026-2>

5. Hoel T., Chen W., Mason J. Data Sharing for Learning Analytics—Exploring Risks and Benefits through Questioning //Privacy for Learning Analytics in the Age of Big Data. – 2020. – С. 93.
6. Райхлина А.В. Развитие Smart-образования как элемента построения экономики знаний в регионе // Экономика и управление: проблемы, решения. 2017. № 5. Т. 1. С. 199–204.
7. Финляндияның Білім және мәдениет министрлігі. Финляндиядағы SMART-білім: цифрлық технологияларды оқу үдерісіне енгізу [Электрондық ресурс]. URL: [<https://www.oph.fi/en>]. Қаралған күні: 26.02.2025.
8. Сингапурдың Білім министрлігі. Сингапурда SMART-білім: цифрландыру және оқытудағы инновациялар [Электрондық ресурс]. URL: [<https://www.moe.gov.sg/>]. Қаралған күні: 26.02.2025.
9. АҚШ Білім министрлігі. АҚШ-тағы SMART-білім: цифрлық технологияларды оқу үдерісіне енгізу [Электрондық ресурс]. – URL: [<https://www.ed.gov/>]. Қаралған күні: 27.02.2025.
10. Германияның Білім және ғылыми зерттеулер федералдық министрлігі. Германиядағы SMART-білім беру жүйесін қолдану [Электрондық ресурс]. URL: [https://www.bmbf.de/DE/Home/home_node.html]. Қаралған күні: 27.02.2025.
11. Полушкина А.О. SMART-ОБРАЗОВАНИЕ В ШКОЛАХ АЗИИ: СОСТОЯНИЕ И ПРОБЛЕМЫ // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Информатизация образования. - 2016. - №2. - С. 118-122.

ӘОЖ 372.891

ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ

Бигалим Саяжан

saya.bigalim@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «7М01524 География педагогтерін даярлау» білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты. Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Жангужина

Аңдатпа: География сабақтарында белсенді оқыту әдістерін қолдану арқылы оқушылардың құзыреттілік қабілеттерін арттыру мәселесі қарастырылады. Белсенді оқыту әдістері ретінде рөлдік ойындар, зерттеу жобалары, картамен жұмыс, дебаттар және кейс-әдісі талданады. Аталған әдістер оқушылардың сыни ойлауын, шығармашылық қабілеттерін, зерттеушілік дағдыларын және коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, зерттеуде белсенді оқыту әдістерінің білімді игеру, бекіту және қолдану кезеңдеріндегі рөлі мен ерекшеліктері қарастырылады. Географиялық білім беруде бұл әдістерді тиімді пайдалану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, практикалық дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Кілтті сөздер: дағды, әдіс, құзыреттілік

Қазіргі білім беру жүйесінде оқытудың белсенді әдістерін қолдану оқушылардың құзыреттіліктерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Әсіресе, география пәнінде белсенді оқыту әдістерін енгізу оқушылардың зерттеу, сыни ойлау, коммуникативтік және ақпараттық құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл әдістер оқушыларды білім алуға ынталандырып, оқу материалын терең меңгеруге, алынған білімді тәжірибеде қолдануға және өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландырады.

Ғалымдар белсенді оқыту әдістерін құзыреттілікке бағытталған оқытудың негізгі құралы ретінде қарастырады. Мысалы, И.Д. Зверев оқыту әдістерін «мұғалім мен оқушылардың өзара байланысты іс-әрекетінің жүйелі тәсілдері» ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, бұл тәсілдер